

"2024-2026 жылдарға арналған Тасбөгет кентінің бюджетін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №101-12/10 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 144-19/1 шешімі. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2024-2026 жылдарға арналған Тасбөгет кентінің бюджетін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы №101-12/10 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Тасбөгет кентінің бюджеті 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 421 952,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер –120 066,8 мың теңге;

салықтық емес түсімдер –1 090,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 300 795,2 мың теңге;

2) шығындар – 440 532,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -18 580,6 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 18 580,6 мың теңге;

қарыздар түсімдері – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 18580,6 мың теңге."

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихаты
төрағасының міндетін атқарушы

М. Жүсіп

Қызылорда қалалық мәслихатының

2024 жылғы 19 сәуірдегі
№144-19/1 шешіміне қосымша
Қызылорда қалалық мәслихатының
2023 жылғы 22 желтоқсандағы
№101-12/10 шешіміне 1-қосымша

2024 жылға арналған Тасбөгет кентінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Кіші сыныбы	Атауы	
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	421952,0
1			Салықтық түсімдер	120 066,8
	01		Табыс салығы	19355,0
		2	Жеке табыс салығы	19355,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	100 497,8
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3535,0
		3	Жер салығы	6400,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	90562,8
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	214,0
		3	Жер учаскелерін пайдалану үшін төлемақы	4,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	210,0
2			Салықтық емес түсімдер	1090,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	76,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	76,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1014,0
			Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік	

		1	бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1014,0
4			Трансферттердің түсімдері	245248,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	245248,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	300795,2
Функционалдық топ				
	Кіші функция			
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
			Бағдарлама	
				Атауы
				2. Шығындар
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	101726,7
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	101726,7
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	101726,7
			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	95995,7
			001	

			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1231,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4500,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	45145,0
	2			Әлеуметтік көмек	45145,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	45145,0
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	45145,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	167169,6
	3			Елді-мекендерді көркейту	167169,6
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	167169,6
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	96972,3
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	44682,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	25525,3

08				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	117504,0
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	117310,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	117310,0
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	117310,0
	2			Спорт	194,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	194,0
			028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс шараларды өткізу	194,0
12				Көлік және коммуникация	8987,0
	1			Автомобиль көлігі	8987,0
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8987,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының	8987,0

				жұмыс істеуін қамтамасыз ету	
15				Трансферттер	0,3
	1			Трансферттер	0,3
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,3
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,3
				3. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
				Бюджеттік кредиттер	0,0
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
				4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
				Қаржы активтерін сатып алу	0,0
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-18580,6
				6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	18580,6

7				Қарыздар түсімдері	0,0
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	0,0
		2		Қарыз алу келісім-шарттары	0,0
			04	Аудандық маңызы бар қалаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округінің әкімінің аппараты алған қарыздар	0,0
16				Қарыздарды өтеу	0,0
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	18580,6
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	18580,6
		01		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	18580,6